**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі»ММ**
**«№3 Хромтау орта мектебі » КММ**

**ПЕДАГОГТІҢ БОС ЛАУАЗЫМЫНА ҚАБЫЛДАУҒА КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ**

**Білім беру ұйымының орналасқан жері:**
Ақтөбе облысы, Хромтау қ, Абай даңғылы 7үй
**Эл.поштасы**: hssh3@mail.ru, Hssh3@mail.kz

**Телефон номері**: 87133621681, 87053237674
**Негізгі фунционалдық міндеттері, еңбекке ақы төлеу мөлшері мен шарттары белгіленген бос және уақытша бос лауазымның атауы:**
***Бос орын атауы:***
**Денешынықтыру пәні мұғалімі-14 сағат (уақытша бос орын)**
**Тәлімгер ( бос орын)**
**Педагог-ұйымдастырушы ( бос орын)**

**Денешынықтыру пәні мұғалімі**
**Еңбек ақы мөлшері:** -150000 (жүз елу мың)-200 (екі жүз мың) теңге
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен ( өзгерісі ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.04.2023ж №100**)** бекітілген Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының 3- тарау 7-параграф, 64 тармақ **барлық мамандықтардың пән мұғалімдеріне** қойылатын талаптары мен лауазымдық міндеттері
**Лауазымдық міндеттері:**
Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, білім алушыларды оқытуды және тәрбиелеуді жүзеге асырады;білім алушы мен тәрбиеленуші тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал етеді, білім алушылардың жеке қабілеттерін анықтайды және дамытуға жәрдемдеседі;білім алушыда педагогқа құрметпен қарауға тәрбиелейді, педагогтың аты мен әкесінің аты бойынша сыпайы қарым-қатынас немесе "мұғалім" тікелей қарым-қатынас арқылы қарым-қатынастың іскерлік стилі мен сөйлеу этикетін сақтауға үйретеді; білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқытудың жаңа тәсілдерін, тиімді нысандарын, әдістері мен құралдарын қолданады;пәндер бойынша қысқа мерзімді және орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспарлар, бөлім үшін жиынтық бағалау және тоқсан үшін жиынтық бағалау үшін тапсырмалар жасайды; бөлім бойынша жиынтық бағалауды және тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу қорытындысы бойынша талдау жүргізеді; журналдарды (қағаз немесе электрондық)толтырады; оқу үрдісінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады; оқу процесінде қарапайым бағдарламалық қамтамасыз етуді және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қосымшаларын пайдаланады;білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес тұлғалық, Жүйелік-қызметтік, пәндік нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз етеді;оқу бағдарламаларын, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларға арналған бағдарламаларды әзірлеуге және орындауға қатысады, оқу жоспарына және оқу процесінің кестесіне сәйкес олардың толық көлемде іске асырылуын қамтамасыз етеді; білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін, қызығушылықтарын және бейімділіктерін зерделейді; инклюзивті білім беру үшін жағдай жасайды;ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларын бейімдейді; арнайы білім беру ұйымдарында оқытылатын

пәннің ерекшелігін ескере отырып, дамудағы ауытқуларды барынша еңсеруге бағытталған білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу бойынша жұмысты жүзеге асырады; интерактивті оқу материалдары мен цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, қашықтықтан оқыту режимінде сабақтар ұйымдастырады; әдістемелік бірлестіктердің, мұғалімдер қауымдастығының, әдістемелік, педагогикалық кеңестердің, желілік қоғамдастықтардың отырыстарына қатысады;ата-аналарға арналған педагогикалық консилиумдарға қатысады;ата-аналарға кеңес береді; кәсіби құзыреттілікті арттырады;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды; білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді;ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен ынтымақтастықты жүзеге асырады;тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен құжаттарды толтырады;білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, Академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:**

Тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім және (немесе) біліктілігінің жоғары және орта деңгейі болған кезде біліктілік санаттары: «педагог», «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер».

**Тәлімгер**

**Еңбек ақы мөлшері:** -100000 (жүз мың)-150000 (жүз елу мың) теңге

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен ( өзгерісі ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.04.2023ж №100**)** бекітілген Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының 3- тарау 14-параграф бойынша талаптары мен лауазымдық міндеттері

**Лауазымдық міндеттері:**

балалар қоғамдық ұйымдарының, "Жас қыран", "Жас ұлан" бірлестіктерінің, дебаттың, мектеп парламентінің қызметін дамытуға ықпал етеді;

білім алушыларға олардың бірлестіктерінің, ұйымдарының қызметін жоспарлауға көмектеседі, олардың қызметінің мазмұны мен нысандарын жаңартуға ықпал етеді;

балалар мен жасөспірімдердің жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жұмысты жүзеге асырады;

ұжымдық-шығармашылық қызметті ұйымдастырады;

балалар мен жасөспірімдерді жұмыс істеп тұрған ұйымдар, бірлестіктер туралы кеңінен ақпараттандыру үшін жағдайларды қамтамасыз етеді;

білім алушыларға азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын көрсетуге, өз мүдделері мен қажеттіліктерін іске асыруға мүмкіндік беретін қолайлы жағдайлар жасайды;

білім беру ұйымдарында мәдени-бұқаралық, патриоттық жұмыстар жүргізеді, сынып жетекшілеріне тәрбие жұмысын, балалардың танымдық бос уақытын ұйымдастыруға көмек көрсетеді;

балалар мен жастар ұйымдарын, пікірталастарды, оқушылардың өзін-өзі басқаруын, мектеп немесе студенттік парламенттерді, еріктілер қозғалысын ұйымдастырады;

білім алушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қамқорлық жасайды;

каникул кезінде олардың демалысын ұйымдастырады;

білім алушылармен инновациялық жұмыс тәжірибесін зерделейді және пайдаланады;

"Қоғамға қызмет ету", "Отанға тағзым", "Үлкендерге құрмет", "Анаға құрмет" қоғамдық-пайдалы жұмыстарын ұйымдастырады.;

балалар ұйымдарының, бірлестіктерінің бастапқы ұжымдарының басшыларын (ұйымдастырушыларын) іріктеу және даярлау бойынша жұмысты жүргізеді;

өзін-өзі басқару органдарымен және білім беру ұйымының педагогикалық ұжымымен, қоғамдық ұйымдармен, білім алушылардың ата-аналарымен немесе оларды алмастыратын адамдармен тығыз байланыста жұмыс істейді;

білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді.

**Білуге тиіс:**

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңдары және білім беру мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер;

педагогика және психология, физиология, гигиена, балалар қозғалысының даму заңдылықтары мен үрдістері;

педагогикалық этиканың нормалары;

тынығу қызметін, демалысты, ойын-сауықты ұйымдастыру әдістемесі;

еңбек заңнамасының негіздері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:**

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе "Педагогика" бағыты бойынша техникалық және кәсіптік білім немесе жұмыс өтіліне талап қойылмай, педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат;

және (немесе) біліктілігінің жоғары немесе орта деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін – кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы және педагог-зерттеуші үшін – кемінде 4 жыл;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде педагог-шебер үшін тәлімгер лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

**Педагог-ұйымдастырушы**

**Еңбек ақы мөлшері:** -100000 (жүз мың)-150000 (жүз елу мың) теңге

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен ( өзгерісі ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.04.2023ж №100**)** бекітілген Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының 3- тарау 14-параграф бойынша талаптары мен лауазымдық міндеттері

**Лауазымдық міндеттері:**

Білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерімен, олардың қызығушылығы мен қажеттілігін зерделейді, оларды іске асыру үшін жағдай жасайды.

Жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің қалыптасуына жағдай жасайды, олардың талантын дамытуға, ақыл-ой және физикалық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді. Қандай да бір бағыты: ғылыми-техникалық, көркем шығармашылық, спорттық-туристтік және тағы басқа.

Қолданыстағы заңнамаларына сәйкес бала құқығын қоғамдық ұйымдарда, қауымдастықтарға іске асыруға ықпал етеді.

Ойын-сауық және бос уақытты өткізуді ұйымдастыруда білім алушылардың әлеуметтік мәні бар бастамашыларын қолдайды, балалардың демалыс уақытын, экскурсия, саяхат, мерекелер, кештер ұйымдастырады.

Балалардың мектептен тыс мәдени-көпшілік іс-шараларға қатысуын ұйымдастырады.

Мектептегі даталы күндерге байланысты мерекелік шараларды ұйымдастыруға жауапты. Іс-шараларды өткізу кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауға қажетті жағдайларды жасайды.

Жазғы лагерь,өндіріс практикалары, еңбек лагерлерінің жұмысын ұйымдастырады,жүргізуге басшылық жасайды.

Мектептегі жұмыс жасайтын пәндік үйірмелер мен шығармашылық үйірмелерге балалардың қатысуын,

мектептен тыс үйірмелер мен спорттық секцияларға қатысуына ықпал жасап,ұйымдастырады.

Мектепте оқушылардың каникул демалыстарын тиімді ұйымдастыруға жауапты.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:**

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе "Педагогика" бағыты бойынша техникалық және кәсіптік білім немесе жұмыс өтіліне талап қойылмай, педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат;

және (немесе) біліктілігінің жоғары немесе орта деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін – кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы және педагог-зерттеуші үшін – кемінде 4 жыл;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде педагог-шебер үшін тәлімгер лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

**<u>Құжаттарды қабылдау мерзімі: 12.03-20.03.2025 жыл</u>**. *(хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі)*

**Қажетті құжаттар:**

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

7) психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;

8) наркологиялық аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;

9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);

10) ағылшын тілі педагогтері лауазымына орналасуға кандидаттар үшін пән бойынша сертификаттау нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератор немесе педагог-сарапшы немесе педагог-зерттеуші немесе педагог-шебер біліктілік санатының болуы туралы куәлікті (бар болса) немесе CELTA (Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) PASS A; DELTA (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above немесе айелтс IELTS (IELTS) – 6,5 балл; немесе тойфл TOEFL (internet Based Test (iBT)) – 60-65 балл көрсеткіші бар сертификат;

11) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында арнайы пәндер бойынша педагогтер және өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына педагогикалық қызметке кіріскен, тиісті мамандық немесе бейін бойынша өндірісте кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар педагогтер сертификаттаудан өтуден босатылады;

12) осы Қағидаларға 17, 18-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы;

13) жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша), оқу орнынан ұсынымхат.

***Құжаттар хабарлама жарияланғаннан кейінгі күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде* 2025 жылдың 12-20 наурыз аралығында *мына мекен жайда қабылданады***:

Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Абай даңғылы 7 үй, 2 қабат, №211 каб,
телефон 87053237674,e-mail: hssh3@mail.ru, Hssh3@mail.kz

Мектептегі педагогтың бос лауазымы туралы ақпарат жұмыспен қамту орталығының «enbek.kz» сайтында, мектептің http://3school-cr.edu.kz/ сайтында жарияланды.

**Мектеп әкімшілігі**